

УДК 378

Ш.Н. Мукатова

№ 44 сәбилер бақшасы (Павлодар к.)

E-mail: shunara_92@mail.ru

Мектеп жасына дейінгі бала тілін сөйлесім арқылы дамытудағы ойын түрлері мен әдістері

***Аңдатпа.** Мақала мектеп жасына дейінгі балаладың тілін дамыту үшін ойын түрлері мен әдістері сипатталады. Авторы балалардың тілін дамуының нәтижелерін Павлодар қаласы № 44 сәбилер бақшасы негізінде жүргізілінген тәжірибиесін ұсынады. Мұнда сюжетті – рөлдік ойындар, драматизациялық ойындар, интегразиялық, дидактикалық ойындарды қолдананып, бала тілін дамыту жолдарының тиімді жақтарын көрсетеді. Өйткені, ойын процесінде сөйлесу қарым-қатынасы үлкен роль атқарады. Сөйлесе жүріп балалар пікірлесіп, әсер алысып, ойынның түпкі ниеті мен мазмұнын анықтайды. Ойында сөзбен уәделесу ұйымдастырушылық қызмет атқарады, балалар арасында өзара түсінісу мен достықтың, қоршаған өмірдің қайсыбір фактілері мен құбылыстарына бірдей көзқарастың пайда болуына және дамуына көмектеседі. Ойынның түпкі ниеті – бұл балалардың нені және қалай ойнайтынының жалпы анықтамасы. Балалар сөз, сөз тіркесі, сөйлемдерді оқығанда сөйлеу екпінін, яғни сөзге буынға екпінді дұрыс түсіруге үйретеді. Рөлге бөлініп ойнайтын ойын, баланың ойын өз бетінше тұжырымдап айтуына көмектеседі. Сондықтан мектепке дейінгі мекемеде балалардың ойынына көп көңіл бөлу керек. Өйткені балала, біздің келешегіміз. Олардың болашағы біздің қолымызда.*

***Түйін сөздер:** ойын түрлері, әдістер, интегративті әдіс, дидактикалық ойын, оқу-тәрбие.*

Кез келген тілді үйретудегі ең басты міндет-білім алушылардың сөйлеу тілін жетілдіру. Ал сөйлесім бір-бірімен тығыз байланысты бес компоненттің бірлігінен құралады. Олар: оқылым, тыңдалым, айтылым, жазылым және тілдесім. Мектепке дейінгі білім беру жүйесіндегі де баланың тілін дамыту осы компоненттерді орынды қолданып, сабақтың мақсатына лайық етіп жұмсай алғанда өз нәтижесін берері сөзсіз. Сабақтың мақсатына қарай бұл компоненттердің бірі көп, бірі аз деңгейде қамтылуы мүмкін. Бірақолардың бірлігінсіз, қалыпты жүйемен тек біреуін ғана қолданудың жеткіліксіз екенін өмір өзі дәлелдеп отыр. Осылардың ішінде әр компоненттің қолданылуын қамтамасыз ететін әмбебап әдістер бар. Енді сөйлесім әрекетінің әр түріне сай әдістерге тоқталамыз.

Дана халқымыз «Сөз анасы-құлақ» деп бекер айтпаған. Кез-келген адамның сөйлеу тілін дамыту оның тыңдау қабілетін жетілдіру арқылы жүзеге асады. Сондықтан балабақшадағы маңызды әдістің бірі-мәтіндерді, өлең, тақпақтарды балаға тыңдату әдісі. Бала ықыласпен тыңдауға үйренгенде ғана сөздердің мағынасын, жалпы мәтіннің мазмұнын саналы қабылдайды. Бала тыңдайтын шығармалар оның жасына лайық болуы тиіс.

Сөзі түсініксіз қиын мәтіндерді бала ешқашан да оң қабылдамайды. Сондықтан оларды таңдауда арнайы оқу бағдарламаларындағы материалдарды тауып ұсыну қажет. Мәселен, 3–4 жастағы бала үшін С. Көбеевтің «Шал мен балалар», Ә. Ақпенбетұлының «Лақтар мен қасқыр», «Көкқұтан мен бақалар»; Халық ертегілерінен: «Түлкі мен ешкі», «Ат пен есек» секілді шығармаларды; ал 4–5 жастағы естиярлар тобына Ы. Алтынсариннің «Әке мен бала», А.Тоқмағанбетовтың «Аяз ата»; халық ертегілеріне: «Түлкі мен қоян», «Қаз бен түлкі», «Қарлығаштың құйрығы неге айыр?» секілді шығармаларды тыңдату тиімді. 5–6 жастағы ересектер тобына С. Көбеевтің «Атасы мен немересі», Қ. Мырза Әлінің «Желім» атты шығармалары мен ауыз әдебиеті үлгілерінен: «Түлкі мен бөдене», «Жан-жануарлардың дауласқаны», т.б. шығармаларды ұнтаспадан тыңдатуға болады. Біртіндеп мазмұны ғана емес, танымдық жағы да күрделеніп отыратын бұл шығармаларды тыңдату арқылы баланың сөйлеуге мүдделігі дамытылады. Ал бұл өз кезегінде сөздік қордың табиғи тұрғыдан дамуына әкеледі. Сөздік қорды дамытуға бағытталған әдістердің жалпы міндеті-сөздің мағынасын дұрыс түсініп, оны өз сөзінде дұрыс қолдануға үйрету екені даусыз. Сондай әдістердің бір ұтымдысы және балабақша жасындағы балалардың тілін дамытуда тиімдісі-түсіндіру әдісі. Ол әдіс балаға жаңа сөзді, сөз тіркесін, сөйлемдерді түсіндіруде қолданылады. Сабақ сайын үйретілетін жаңа сөздер бойынша, яғни сөздік жұмысында жүзеге асады. Мәселен, балаға шығармаларды оқып болғаннан кейін «Кім?», «Не?» деген сұрақтарға жауап беретін қандай сөздер айтылғанын сұрау олардың зейінділігін дамытуда өзіндік рөл атқарады. Бұл оқылым кезінде және жазылым барысында жүзеге асыруға ыңғайлы әдіс. Немесе «Кім күшті?» Ойынның ойнату барысында балалардың қойылған сұраққа тез әрі дұрыс жауап қайтаруы кезінде балалардың тілдік ұғымдары мен логикалық ойы қатар дамытылады. Ол үшін тәрбиеші - мұғалім алдын-ала, яғни мәтіналды жұмыстарын ыждағаттылықпен жүргізіп, балалардың ойына ол туралы білімдік ұғым орнықтыруы тиіс.

Балабақшаның ерекшелігіне орай ең жиі әрі тиімділігі жоғары әдістің бірі ғана емес, бірегейі – көрнекілік әдісі. Көрнекілік әдіс – балабақшадағы әрбір сабақ сайын қолданылатын әдіс. Ол баланың тілін дамытуда ең нәтижелі және жиі қолданылатын әдіс болып саналады. 3–4 жастағы балаларға көрсету арқылы сөздерді үйретуге болады. Көрнекілік тақырыпқа сай, көзге тартымды яғни эстетикалық жағынан

жақсы, ірі, кемінде төрт немесе бес – алты түспен болуы керек. Мысалы: «Үй жануарлары» тақырыбын өткен кезде жануарлардың суретін көрсету арқылы жүзеге асып отырады. Ал ересектер тобында бұл біршама күрделеніп, тек суреттерді ғана емес, әр түрлі тірек-кестелер мен сызбалармен сөздерді, сөз тіркестерін үйретуге болады. Ы. Алтынсарин бұл әдіс туралы: «Балаға айтып түсіргеннен гөрі, қолымен ұстап, көзімен көріп, мұрнымен иіскеп түсірген сабақ ұғымды» – деген болатын [1]. Бұл әдісті сөздік қорды дамыту мақсатында тіл дамыту сабақтарында кеңінен қолданылуға болады. Мысалы: Алма сөзінің мағынасы, оның сындық, көлемдік сипаттарын анықтайтын сын есім сөздер алманы көрсету арқылы ұғындырылады. Көрнекілік әдістің тағы бір артықшылығы сол, онда баланың көріп есте сақтау қабілеті қоса дамиды. Сонымен бірге эстетикалық талғамын дамытуға да әсері мол. Сол себепті онда пәнаралық байланыс та жүзеге асырылмақ.

Келесі бір өнімді әрі маңызды әдіс – сұрақ жауап әдісі. Бұл тек балабақшада ғана емес, жалпы адамның танымын, қиялын, тілін дамытуда жиі қолданылатын әдістің бірі. Ал балалардың тілін дамытуда ең нәтижелі әрі өнімділігі жоғары маңызды әдістің бірі саналады. Оны қай жастағы топта болсын, сабақтың қай кезеңінде болсын, жалпы мектепке дейінгі оқу-тәрбие үдерісінің кез-келген формасында қолдануға қолайлы. Өте белгілі де тиімді әдіс саналатын сұрақ-жауап әдісін таңдаудың критерийлері, қойылатын талаптары бар. Соның бірқатары мыналар: сұрақтың түсініктілігі, баланың жас ерекшелігіне және жеке бас қабілетіне сәйкестігі, сұрақтың қойылу жағдаяттарының бал қабылдауына лайықтылығы, күрделілік деңгейінің бала ұғымына сәйкестігі, қысқалығы мен ашықтығы, дәлдігі, т.б. балабақшадағы баланың тілін дамыту үшін әр кезеңнің өзіне тән белгілері басшылыққа алынады. Олардың жас ерекшелігіне байланысты сұрақ дайындалады. Сонымен қатар балалардың бір-біріне сұрақ қоюын ұйымдастыру да балалардың тілін тілдесім арқылы дамытудың тиімділігін көрсетеді.

Мен № 44 сәбилер бақшасында екі жыл бойы бала тілін дамытуда ойын түрлерді, әдістерді, интеграциялық ойындарды қолдандым. Балаларға берілген ойын – тапсырмаларды таңдауда және іріктеуде балалардың жас ерекшеліктерін ескеріп отырдым. Алғашқы жылы ортаңғы топпен жұмыс жасадым, онда қолданған ойындар біраз оңайырақ болса, екінші жылы ересек топқа көшкен кезде ойындарды күрделендіріп, қиындатып отырдым.

Тәжірибе барысында ойындардың түрлерін қолдандым. Соның ішінде, сюжетті-рөлді ойындар. Сюжетті-рөлді ойында бейнелеу құралы рөл мен ойын әрекеттері болып табылады. Өзінің сипаты жағынан бұлар көбінесе еліктеу, шындықты көрсету болады. Мен «Шаштараз», «Пошта», «Дүкен», «Дәріхана», «Сән ателье», «Отбасы», «Балабақша», «Теңізші», «Полиция бекеті», «Құрылысшы», «Ұшқыш», «Жайлауда», «Балықшылар», «Ғарышкерлер» сияқты сюжетті – рөлдік ойындар ойнатым. «Дүкен» ойынын ойнағанда балалар сатушы мен сатып алушының әрекеттеріне, ал дәріхана ойнағанда дәрігер мен аурудың әрекеттеріне еліктейді. Ойындарды ойнатылуында сюжетті – бейнелі ойыншықтар үлкен орын алды, олар бейнелеудің былайша алғанда қосалқы, сонымен бірге қажетті құралдары болып табылады. Шын заттар: қол шатырлар, сөнкелер, киімдер, ыдыстар, шартты белгілер т.т. сондай-ақ, ойын ситуациясын күшейтетін суреттер, фотографиялар қолданылды, балалар қандай да бір құбылыстарды толығырақ бейнелей алды, рөлге жақсылап енді. Балалардың әңгімелесу, экскурсия, әңгімелер оқу және т.б. кездерінде игерген нәрселерін тез қайта жасауға итермелеп, асықтырмауға тырыстым. Мұнда қоршаған өмірді ойында игерген мазмұнды тікелей еске түсіру болып табылмайды: ол балалардың санасы мен сезімінде біраз уақыт шымырлап тұну керек. Тәрбиеші бұл қатынастардың бекіп, ойыннан тыс кезде де балалардың шын қарым-қатынастарына айналануына күш салуы керек. Ойынға басшылық ешбір жағдайда жалықтыратын, мектепке дейінгі балалардың наразылығын, ойыннан шығып кетуін туғызатын болмауға тиіс. Жетекші сұрақтар беруге, ақыл-кеңестер айтуға, ұсыныстар жасау әдісін пайдаландым. Педагог балалар орындайтын рөлдер арқылы тәрбиелік ықпал жасау керек. Мысалы, ол «дүкен» ойынында меңгеруші рөлін атқарушы баладан касса қайда, кассир кім, дүкенге ана зат неге жоқ, мына зат неге жоқ, сатып алушының өзіне керекті затты тыңдап алуына қолайлы жағдай жасалған ба, сатып алынған затты кім орап береді деп сұрайды, сатып алушылар алғыс айтады, ал сатушы дүкенге зат сатып алу үшін тағы да келіңіз деп сыпайы ізет білдіреді деп ойнаушылардың есіне салады.

Ойын аяқталған соң, балалардың ынтымақтық тату қимылдарын атап өттім, ересектерін ойынды талқылауға тартып, ойынға қатысушылардың жағымды қарым-қатынастарын атап көрсеттім. Ойын барысында балалар рөлге кіріп, бір-бірімен диалог пайда болды, кейбір жерлерде монолог болды, балалар сөйлей алды.

Келесі ойын түрі драматизация ойындары, мұнда негізі көбінесе ертегілер болды. Ертегіде қаһармандардың бейнелері неғұрлым жарқын болады, қылығының ширақтылығымен және айқын дәлелділігімен балаларды тартып іркітеді, іс-әрекеттер бірін-бірі оларды ықыласпен еске түсіреді. Мен тәжірибиемде балалардың сүйікті ертегілерін алдым. Олар «Шалқан», «Күлшетап», «Үйшік», «Үш аю» және басқалары оңай драматизацияланады. Драматизация ойындарында диалогтары бар өлеңдер пайдаландым, диалогтардың арқасында мазмұнды рөлдер арқылы қайталап жасауға мүмкіндік туғызып отыруға тырыстым. Ойындардың алдында, костюмдердің, ойыншықтардың дайындап қойдым. Ойында костюм кейіпкер бейнесін толықтырады, бірақ ол балаға жайсыз болмауға тиіс. Егер костюм жасауға мүмкіндік болмаса, онда қайсыбір кейіпкерге тән ерекшеліктерін сипаттайтын жеке элементтерді: қораздың айдарын, түлкінің құйрығын, қоянның құлағын, т.т. пайдалануға тырыстым. Балалардың тілдерін дамытуға мына ойын түрі көп септігін тигізді. Сонымен қатар, ертегіні қайталап айтқанда

балалар оны жадыда жақсы сақтайды да, ойынға араласып, жекелеген кейіпкерлердің рөлдерін орындай бастайды. Ойнай жүріп бала өз сезімдерін сөзбен, ишаратпен, ымымен, интонациямен тікелей жеткізеді.

Сабақта барысында міндетті түрде бірнеше дидактикалық ойында болуы керек. Бала тілін дамытуда ең тиімдісі де, қызықтысы да, бала жанына жақыны да – ойын әдісі. Ойын-балабақша баласы үшін дүниені танудың ең қажетті кілті. Оған тіл үйрену де кіреді. Дидактикалық ойындар балалардың білімін бекітіп, сөздік қорларын молайтады. Ойын үстінде балалар сөз, сөз тіркесі, сөйлемдерді дұрыс құрастыруға, қажетті сөздерді дұрыс тауып қоюға, кішігірім әңгіме айтуға жаттығады. М.Жұмабаев «Баланың қиялы, әсіресе, ойында жарыққа шығады, ойын-балаға бір жұмыс» – десе [2], С.Торайғыров «Балалықтың қанына ойын-азық», деп мұғалімдер мен тәрбиешілердің назарын дидактикалық ойындарға аударатындай құнды ой тастаған [3]. Балалар ойынның тәрбиесін білмейтін балаға үйретеді, түсіндіреді. Балалармен түрлі әдеби-шығармашылық ойындар өткізу-олардың әдеби тілде сөйлеу машығын қалыптастыру үшін қажет шарттың бірі. Балалар сөз, сөз тіркесі, сөйлемдерді оқығанда сөйлеу екпінін, мақамын, яғни сөзге буынға екпінді дұрыс түсіруге үйретеді. Рөлге ойнайтын ойын баланың ойын өз бетінше тұжырымдап айтуына көмектеседі. «Мектепке дейінгі мекемелердегі оқу – тәрбие үдерісіне ойлану, өздігінен іздену, әрекет ету, зерттеу жүргізу, талдау, салыстыру, ой қорыту, пікір бөлісу, дербес әрекет ету, еңбек нәтижесіне талаптану, алған білімдерін өмірлік тәжірибеде қолдана білуге машықтандыру, т.б. негізгі әдіс-тәсіл ретінде қолданылып отырады» [4]. Дидактикалық ойынның зор маңызы балалардың дербестігін және ойлау мен сөйлеу белсенділігін дамытатындығында. Мысалы, «Сиқырлы қалпақтың сырын ашайық» деген ойында ересектер тобы тәрбиеші балаларды зат туралы айта білуге үйрету, олардың жүйелі сөйлеу қабілетін дамыту міндетін алға қояды. Ойын міндеті-қалпақтың астында не бар екенін білу. Бала дұрыс тапса мадақтау белгісін алады. Педагог ойынға қатысушы ретінде бірінші қалпақты көтеріп, оның астындағы ойыншық (мысалы, қуыршақ) туралы айтып береді, оны сипаттаудың үлгісін көрсетеді. Егер ойнаушы бала олай сипаттауға киналса немесе белгілерін аз көрсетсе, тәрбиеші оған: «Арман көтерген қалпақ, Арман қалпақтың жасырған заты туралы аз айтты», – деп қозғау салады. Ойын міндеті кейде ойын атының өзінен көрініп тұрады: «Ғажайып дорбаның ішінде не бар екенін білейік», «Кім қай үйде тұрады», «Сөз құра», «Екі шеңбер», «Қонаққа барамыз», «Күн мен түн», «Мен циркте болдым», «Шыңжыр», «Мен қандай әріппен дос», «Мен білемін», т.с.с. ойындар ойнаттым.

Ойын әрекеттерінің көлемі де әр түрлі. Төменгі топтарда – бұл көбінесе (бір – екі рет) қайталынатын әрекеттер болса, жоғарғы топтарда бес – алты рет қайталанады. Дидактикалық ойын элементтерінің бірі ережелер. Ережелер оқыту міндеті мен ойын мазмұнына қарай белгіленеді және өз тарапынан, ойын әрекеттерінің сипаты мен тәсілін белгілейді, Әрбір топта тәрбиеші ойынның мазмұнына, дидактикалық міндеттеріне, ойын әрекеттері мен ережелеріне қарай күрделене түсетін ойындардың жүйелілігін белгілейді.

Тәжірибе барысында баланы диалогке тусуге негізделген ойын – жаттығулар оқыту үрдісін тартымды да қызықты етіп өткізуге септігін тигізді. Теңдік, еркіндік сезімдеріне толы, қызықты ойын – жаттығулар ахуалы балалардың бойындағы ұялшақтық сияқты қасиеттерді жеңіп, психологиялық кедергілерді жоюға, шаршағанын басуға қолайлы жағдай туғызды. Балабақшадағы сабақтың кез-келген түріне ойын элементін енгізуге болады, бұл қандай сабақты да қызықты өткізуге септігін тигізеді. Ойын түрінде өткізілетін оқыту үдерісіне бақылау жасағанда ойынның баланың сабаққа деген қызығушылығын оятып, материалды оқуға, бекітуге және қайталауға қолайлы, оң, жағымды жағдай жасайтыны және оқушыларды дербестікке тәрбиелейтіні байқалды.

Алдымен ойын сабақтың қай кезеңінде өткізу қажеттілігін анықтап алу керек болады. Бұл ойынның мақсаты мен мазмұнына байланысты ажыратылды.

Бұл ойындар, жаттығу, тапсырмалар, интеграциялық әдіс – тәсілдер балалардың тілін дамытуда өз нәтижелерін берді. Әр жылдың басында және аяғында балалардың тілдері қаншалықты дамығанын анықтау үшін мониторинг өткізілді. Ересек топтың екінші оқу жартысында балалардың тілдерінің даму көрсеткіштері айтарлықтай жоғары болды.

Балабақша баласының зейіні тұрақсыз және ол біркелкі ойындардан тез жалығатындықтан, бір сабақтың үстінде әр түрлі әдістерге негізделген ойын жаттығуларын қолдануға тура келеді. Ондай ойындардың жиынтығын интеграциялық ойындар деп те атауға болады. Мен өз тәжірибиемде осы әдісті де қолдандым. Балалардың тілін дамытуда өз септігін көп тигізді.

Балалардың тілін сөйлесім әрекеті түрлерін жүзеге асыра отырып дамыту мәселесі пәндік және әлеуметтік интеграция негізінде жүргізілетін ойындар арқылы шешімін табатыны даусыз. Интеграциялық дидактикалық ойын дегеніміз – заттық формасы бірқатар пәндер мазмұнынан құрылатын, субъектінің өзге субъектілермен өзара әрекеттестігі барысында қабылдап алған бір рөлін жүзеге асыруы бойынша оқу әрекетіне тән, соған сай модельденетін объективті шарттар мен қатынастардан келіп шығатын, жүйелі білімдер мен тұлғалық қасиеттерді қалыптастыруға бағытталған әрекеттер жиынтығы.

Интеграциялық ойындар кешені – оқу әрекетінің әр алуан түрлерінің сапалық ерекшеліктерін ашатын ойындар жиынтығы.

Интеграциялық ойындарға тән белгілерді бөліп көрсету арқылы интеграциялық ойындардың мынадай қызметтері анықталады:

- А) белсенділік қызметі;
- Ә) интегралдаушы қызметі;
- Б) үйретушілік қызметі;
- В) өзгертушілік қызметі;
- Г) дамытушылық қызметі;
- Ғ) тәрбиелеушілік қызметі.

Осы аталғандар балабақшадағы оқу тәрбие үдерісінде алға қойылған мақсатқа қол жеткізуге негіз болды.

Соңғы жылдары педагогика ғылымында оқытудың түп қазығы саналатын жаңа педагогикалық парадигманың бірі білім алушыны өз әрекетінің субъектісі деп тану болып отыр. Бұл, әрине балабақшадағы оқу-тәрбие үдерісін тікелей қатысты. Сондықтан балабақшада баласы да өздігінен әрекет етуі үшін айналасымен жанды қарым-қатынасқа түсе алуы керек. Бұл орайда ең тиімді әдіс деп осы талаған интегративтік әдісі саналады. Интегративтік деген сөз энциклопедияда көрсетілгендей, интеграция деген ұғыммен келіп шығады. Ал интеграция жеке индивидтердің жеке индивидтердің топтың, жұптың, өзара біріккен әрекетке бір-біріне алма-кезек әсер етуі. Бұл әдістің негізгі мақсаты – оқу тәрбие үдерісінің барлық сатысында баланың дұрыс жауабынан гөрі оны іздестіру үрдісі маңызды болып саналады. Бұл әдіс бойынша балалар беретін жауаптың бәрі де дұрыс деп қабылданады.

Бала өзінің жауабының дұрыс немесе бұрыс екендігін өзгелердің жауаптарына қарай отырып немесе тәрбиеші бергенін қорытындыларынан біле алады. Яғни олар рефлексиялық әрекет барысында өзін – өзі бағалауға үйретенеді.

Интегративтік әдіс – тәсілдерді қолданудың балабақша жағдайында үш жақты сипаты бар. Атап айтқанда, оның ақпараттық тиімділігі қарым – қатынас кезінде алынатын және сақталатын ақпараттардың саналы ұғындырылуынан байқалады. Ал перцептивтік жағы басқа адамдардың әрекеттері мен сөздерін баланың қабылдауы мен түсінуін қамтамасыз етеді. Интегративтік қыры онда міндетті түрде балалардың бірлескен әрекеті жүзеге асырылатындығынан көрінеді. Яғни бала айналасымен белсенді қатынастар жасай алады. Балалардың сауатын ашу, тілін дамыту жұмыстарын жоспарлау мен есепке алу мәселері арнайы кәсіби дайындықты талап етеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Алтынсарин Ы. Таңдамалы шығармалар. – Алматы, 1994. – 279 б.
- 2 Атыманова Қ.Ж. Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың коммуникативтік біліктерін қалыптастырудың педагогикалық шарттары. – Алматы, 2010. – 18 б.
- 3 Жұмабаев М. Педагогика. – Алматы, 1992. – 115 б.
- 4 Жұмабекова Ф.Н., Бәтібаева С.Ғ. Мектепке дейінгі білім беру бағдарламасы. – Астана, 2010. – 85 б.

REFERENCES

- 1 Altınсарin I. Таңдамалы shigirmalar. – Almaty, 1994.– 279 b.
- 2 Atımanova Q.J. Mectepke deiyngi eresek zhastagi balalardin communicativtic bilic bilicterin kalıptastırudin pedagogicalic sharttari. – Almaty, 2010. – 18 b.
- 3 Zhumabayev M. Pedagogica . – Almaty, 1992. – 115 b.
- 4 Jumabekova F.N., Bätibaeva S.Ĝ. Mectepce deuyngi bilim beru bagdarlamasi. – Astana, 2010. – 85 b.

РЕЗЮМЕ

Ш.Н. Мукатова

детский сад № 44 (г. Павлодар)

Виды и методика игрового обучения для развития речи детей дошкольного возраста

В статье рассмотрены виды и методика игрового обучения для развития речи дошкольников. Автор представил результаты исследования по игровому обучению проведенного на базе ясли-сада № 44 города Павлодар. Практика показала, что драматизация, сюжетные ролевые игры, интегративные игры, дидактические игры дают преимущество в развитии детской речи, потому что в игре играет огромную роль разговорная речь детей. В процессе игры дети общаются между собой, выражают эмоции, свои мысли, определяют содержание и намерение игры. Организовать игру можно просто словами, игра, имитируя факты и события жизни, развивает взаимопонимание и дружеские отношения между детьми. Конечная цель игры состоит в том, что дети учатся правильно использовать в речи слова, фразы, предложения в рамках чтения и говорения. Ролевые игры помогают ребенку самому сформулировать слова, мысли.

Ключевые слова: *виды игр, методика игрового обучения, интегративный метод, дидактические игры, учеба-воспитание,*

RESUME

Sh.N. Mykatova,
kindergarten №44 (Pavlodar)

Types and methods of game training for development of speech of preschool aged children

*The article describes the types and methods of **game training** for the development of speech of preschool aged children. The author presented the results of the research on game training conducted on the basis of the kindergarden № 44 of Pavlodar city. Practice has shown that dramatization, role-playing plot games, integrative games, didactic games give an advantage in the development of children's speech, because children's speech plays a huge role in the game. During the game, children communicate with each other, express emotions, their thoughts, determine the content and intent of the game. Game can be organized simply by words, plays, imitating the facts and events of life, develops mutual understanding and friendly relations between children. The ultimate goal of the game is that children learn how to correctly use words, phrases, sentences during reading and speaking. Role games help the child formulate words and thoughts.*

Keywords: *types of games, methods, integrative method, educational games, training – education.*